



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

- Еуропалық конвенция. Электронды ресурс. \ URL: <https://www.coe.int/ru/web/conventions/full-list/-/conventions/treaty/015> (12.03.2018)
7. Университеттің оқу мерзімінің баламалылығы туралы Еуропалық конвенция. Электронды ресурс. \ URL: <http://base.garant.ru/2559567/> (12.03.2018)
8. Болон декларациясы. Электронды ресурс. \ URL: http://www.ablaikhan.kz/images/content/static/our-university/bologna_declaration-ru.pdf (12.03.2018)
9. «Білім туралы» үлгі заңы. Электронды ресурс. \ URL: http://online.zakon.kz/Document/?Doc_id=30076234#pos=0;0 (12.03.2018)

УДК 341.1/8

ЖОҒАРҒЫ БІЛІМДІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖОО-НЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТУІ

Тұрысбекова Арайлым Серікқызы

Arailym96@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Халықаралық құқық» мамандығының 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі — Тлепина Ш.В.

Соңғы жиырма жылда дамушы елдердегі жоғарғы білім маңызды өзгерістерге ұшырады, алайда, келесі онжылдықтарда ол одан әрі түрлене түседі. Болжалды өзгерістер барлық төрт деңгейді де қамтиды –оқу аудиториялары деңгейін, жоғарғы оқу орындары деңгейін, мемлекеттік және ғаламдық деңгейлерін қамтиды.

Болашақта білім беруші мен студенттер арасындағы өзара әрекеттестік жаңа білім парадигмасына негізделетін болады. Жаңа білім беру технологиялары мен аналитика маңызды рөл атқаратын ғылыми-педагогикалық жұмыстың жаңа әдістеріне назар аудару жоспарланып отыр. Өзірге технологиялардың білім беру үдерісіне әсері қатты байқалмайды, бірақ, алдағы жылдары ол әлдеқайда өседі. Тіпті білім алушылар саны өссе де, білім беру студенттердің индивидуалды қажеттіліктері мен құштарлықтарын ескере отырып ұйымдастырылады. Көбінесе олар тәжірибеге бағдарланған және интерактивті оқуға тартылады, өзін- өзі дамытуға бағытталады, білімді тек мұғалімдерден ғана емес. Сонымен қатар, басқа студенттерден де ала алады.

Университеттерде орын алатын өзгерістер олардың санының айтарлықтай өсуіне әсер ететінін болжауға болады. Коммерциялық емес ұйымдар мен пайда табу үшін бағытталғандардың арасындағы айырмашылықтар жойыла бастайды. ЖОО-ның жоспарлы функционалды бөлінуі олардың оқу мен ғылымға көбірек шоғырлануына әкеледі. Университеттерді басқаратын алқалы тәсілдердің менеджериалдыққа өзгертіні сөзсіз.

Түрлі елдердің жоғары білім беру жүйелері қазіргі кезде дамудың әртүрлі кезеңдерінде тұр. Көптеген дамыған елдерде жоғары білім жүйесі бұрыннан бері қалыптасқан және кез-келген азамат болашақ сандық өсімді емес, жүйені нығайту мен білім сапасын жоғарылату үшін келесі екі онжылдықта осы елдердің университеттеріне түсе алады. Жоғары білімге жұмсалатын шығындардың көбеюімен үкіметтер шығындарды студенттер мен олардың ата-аналарының иығына аударуға тырысатын болады. Ал, онлайн білім берудің дамуы білімге қолжетімділікті арттырады, тіпті алыс, ең жағдайсыз аудандарда, жоғары білімге жалпы қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Жоғары оқу орындарының арасындағы сападағы нақты айырмашылықтар жойыла бастаса, жетекші университеттер арасындағы бәсекелестік, әсіресе университеттер беделі мәселелері бойынша, жанданады.

Жоғарғы білім одан да көп адамдар санын қамтитын болады, бірақ, сонымен қатар, кейбір маңызды өзгерістер орын алады. Бүгінгі күні көптеген шетелдік студенттерді

тартатын немесе өз университеттерінің шетелдік филиалдарын аша алған елдер табысты болып саналады. Болашақта, бұл жарыс ойыны емес екендігіне және тіпті көптеген азаматтары шетелден білім алу үшін кететін мемлекеттер, нәтижесінде, сапалы жоғары білімге қол жеткізе алатындығынан жеңетініне көз жетеді.

Ғаламдық экономикалық және мәдени байланыстардың тереңдеуі, цифрлық технологиялардың таралуы ғаламдық желілерді дамытуға және интерактивті оқу үрдісін, әсіресе трансұлттық деңгейде, дамытуға ықпал етеді. Сырттан диплом алуға бағытталған студенттер мобильділігінің қазіргі үрдісі академиялық алмасу бағдарламасы шеңберінде ауыстырылады (мысалы, бір семестрге созылатын).

Жалпы, бұл өзгерістер жоғары білім беру саласына оң әсер етеді, бірақ елеусіз қалдыруға болмайтын бірқатар жағымсыз факторлар бар. Келесі жылдарда көптеген онжылдықтар бойы жоғары білім беруді одан әрі дамытудың негізі қаланады.

Біздің еліміз үшін бүгінгі күндегі ең қызықты және өзекті болып табылатын білім беру саласындағы халықаралық-құқықтық құжат, еуропа елдерінің білім министрлерімен 1999 жылдың 19 маусымында қол қойылған, Жоғарғы білімнің жалпыеуропалық кеңістігін құру туралы декларация болып табылады (Болон декларациясы) [1]. Ол үшінші мыңжылдықтың алғашқы онжылдығында мынадай нәтижелерге жету үшін саясатты үйлестіру қажеттілігін қарастырады:

12. Еуропалық азаматтардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету және еуропалық жоғары білім беру жүйесінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында дипломға қосымшаның енгізілуі арқылы салыстырмалы дәрежедегі жүйені қабылдау;

13. Көп деңгейлі жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру (негізінен екі деңгейлі - бакалавриат және магистратура);

14. Кредиттер жүйесін енгізу;

15. Студенттерге, оқытушыларға, зерттеушілерге және әкімшілік қызметкерлерге арналған академиялық мобильділікті дамыту;

16. Жоғары білім сапасын бақылаудың тиімді жүйесін құру.

Халықаралық шарттар халықаралық ұйымдар шеңберінде де, одан тыс жерлерде де жасалуы мүмкін. Қазақстан Республикасы көптеген елдермен білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттар мен келісімдер жасасты. Осындай келісімшарттар түрлі мәселелерге арналады:

1. Білім туралы құжаттарды тану және баламалылығын анықтау;

2. Академиялық алмасуды дамыту, қазақстандық білім беру мекемелерінде шетел азаматтарын оқыту;

3. Бірлескен ғылыми-білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құжаттарында білім алу мәселелеріне үлкен көңіл бөлінеді. ТМД мемлекеттері қол қойған, 1995 жылғы 26 мамырдағы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы конвенция бастапқы және негізгі жалпы білім берудің міндетті және еркін болуын белгілейді [2]. Достастық аясында білім беру саласындағы ТМД-ның бірқатар үлгі заңдары әзірленді, ол қатысушы мемлекеттердің ұлттық білім беру заңнамасын қалыптастыру үшін негіз болуға тиіс. Үлгілік заңдарды ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы қабылдайды.

2011 жылғы Білім берудің халықаралық стандарттық жіктеуіне (International Standard Classification of Education, ISCED-2011) сәйкес, соңғы 5 жылда Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім беру, бакалавриат, магистратура, докторантура (18-22 жас аралығындағы) орта деңгейдегі мамандарының жалпы білім алушылары 53,1% -дан 48,4% -ға дейін төмендеді [3]. Бұл көрсеткіштің төмендеуі ақылы бөлім контингентінің айтарлықтай төмендеуіне байланысты (2011 жылы 498 440 білім алушыдан 2015 жылы 337 092 дейін, яғни 33% төмендеді).

ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша, шетелдік жоғары оқу орындарында оқитын қазақстандықтардың саны 2009 жылы 36 мыңнан 2018 жылы 90 мыңға дейін өсті (ҚХР-дағы

қазақстандық студенттерді қоспағанда, себебі, ЮНЕСКО-да Қытайдағы шетел студенттері туралы деректер жоқ). Бұл деректер, шетелдік жоғарғы білімді қалайтын, Қазақстанның төлем төлей алатын азаматтарының саны артып келе жатқандығын көрсетеді. Ресейлік жоғары оқу орындарының 243 мың шетелдік студенттерінің 69 895 (29%) қазақстандықтар болды. Ресейдегі шетелдік студенттер саны бойынша қазақстандықтар бірінші орынды алады [4].

2015 жылы Thomson Reuters компаниясының Essential Science Indicators ақпараттық базасының ресурстары бойынша, қазақстандық ғалымдардың соңғы онжылдықтағы 14 жарияланымы әлемдегі ең көп дәйексөз келтіретін мақалалардың 1% -на қосылды. Қазақстандық ЖОО-лар жыл сайын аккредитациялау процесіне белсендірек қатысуда.

2015 жылы Назарбаев Университетін 380 түлек бірінші бітірді. Бітірушілердің 2/3-і жетекші халықаралық университеттерінде білімін жалғастырды. Қазақстанда жоғары оқу орындарымен көрсетілетін қызметтер сапасының критерийлерінің бірі - сандық көрсеткіш - олардың жалпы санынан жұмыс істейтін түлектердің үлесі. Ал, The Global Employability University Ranking, QS Graduate Employability Rankings жұмыспен қамтылғандардың қатарын ғана емес, жұмыс берушілер арасында университеттің беделін, іскерлік қарым-қатынастарын, студенттердің бірлескен жобаларын және университеттер базасында жұмыс берушілердің өкілдіктерін ескереді.

Елдің жоғары оқу орындарында шетел студенттерінің үлесінің өсуінің оң үрдістеріне қарамастан (2017 ж. - 13850 шетел студенті), осы көрсеткіштің мәні әлі де әлемдік деңгейден төмен [4]. Жоғарғы білімнің тартымдылығының ең жоғарғы көрсеткіштерін келесі мемлекеттер көрсетеді: Австралия (18%), Ұлыбритания (17,5%), Швейцария (16,9%) және Австрия (15,5%). Шетелдік студенттердің ең көп саны АҚШ-та - 907 251, Қытай - 847 259, Ұлыбритания - 430,687, Австралия - 335,512, Франция - 239 409, Ресей - 243 752, Германия - 228 756 [4].

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (GCI) «Бизнес пен ЖОО-лар арасындағы ынтымақтастық» сауалнамасы бойынша Қазақстанның позициясы тұрақты емес. Бұл Қазақстанның университеттік жүйесінің осы бағыттағы үлкен резервтерін дәлелдейді. 2015 жылы ең алғашқы университет прототипі - Византия империясындағы Пандидактерион университетіне 1160 жыл болды [6]. Жоғары білім берудің мыңжылдықтан асқан тарихы адамзат өркениетінің дамуына негіз болды.

XXI ғасырда біз жоғары білімнің академиялық білім көздерінен инновациялық және технологиялық процестердің орталықтарына тез өзгеруін көріп отырмыз. 2015 жылдың 11 маусымында Назарбаев Университетінің Жоғары білім көшбасшыларының Еуразиялық Форумында сөйлеген жетекші халықаралық сарапшылардың бірі Джамиль Салми әлемдік жоғары мектептің дамуы үшін өте қызықты және күтпеген перспективаларды анықтады. Оның пікірінше, «дипломға қажеттілік жоғалады, студент кез-келген жерде және кез-келген уақытта білім ала алады» [7]. Вашингтон университетінің профессоры Стэнфорд Джоэлдің деректері бойынша, 2030 жылға қарай жасанды интеллект мұғалімнің орнын басуы мүмкін. Дәрежелі диплом алу өз мағынасын жоғалады. Білім алғаны туралы сертификаттар, жұмыс орнында білім алу, қызығушылықтар бойынша клубтарға қатысу маңыздырақ болады [8]. Стэнфорд университетінің Жоғары білім беру мектебінің деканы Дэн Шварц, емтихандар академиялық көрсеткіштерді бағалаудың негізгі құралы болмай қалады деп есептейді. Алынған білімді тексерудің орнына студенттерге жаңа материал беріледі және оны талдау қабілеті бағаланады [3].

Жоғарғы білімді халықаралық құқықтық реттеу білім беру бағдарламаларын дамытуға зор ықпал етеді. Мысалы, 2015 жылдың қазанында Сингапурдың Білім министрлігінің жауапты хатшысы Чиа Ли Фунг «Жоғары білімнің болашағы» конференциясында «Болашақта жоғары оқу орындары жоғалып кетуі мүмкін. Топтар мен факультеттер болмайды, студент барлық курстар мен бағдарламаларды өзі таңдайды. Жекелендірілген оқыту жүргізілетін болады. Университеттер осындай өзгерістерге дайын болуы керек және өмір бойы білім алу феномені жоғарғы білімнің негізгі қағидасына айналады» деп атап өтті

[9]. 2015 жылы американдық үміткерлердің 91% әлеуметтік желілерде рекрутинг арқылы жоғары оқу орындарына түсті (2014-59%) [10].

Бұл жаңа жағдайларға байланысты келесі сұрақтар туындайды: жоғарғы білімді халықаралық-құқықтық реттеу ұлттық ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына қаншалықты әсер етеді? Қазақстандық ЖОО-лар біздің заманымыздың осы жаһандық қауіп-қатерлеріне қаншалықты жауап береді? Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруіне қол жеткізу үшін қандай үлес қосуға болады? ЖОО-лардың әлемдік тарихымен салыстырғанда қазақстандық жоғарғы мектептің тәжірибесі әлдеқайда қарапайым, оған тек 87 жыл болды. Бұның өз артықшылықтары бар. Көп ғасырлық негіздердің жоқтығы біздің университеттерімізді икемді және әлемдегі өзгерістерге бейімді жасайды.

2014 жылы «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының бастамасымен балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін 5 млрд. Теңгеден астам сомаға жинақтаушы депозиттер ашылды [11]. Бұл мүмкіндік 7692 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға берілді. 2015 жылы бұрын-соңды болмаған бастаманың жалғасы «Өзіңнен бастандар» республикалық акциясы құрылды [11]. Акция жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдар тарапынан қолдау тапты. Сондай-ақ, халыққа, мерзімі 12 жылға дейінгі, жылдық 15% мөлшеріндегі білім беру несиесін алуға мүмкіндік беріледі [11].

11 базалық университеттің консорциумы жетекші халықаралық инженерлік қауымдастықтарды тартты. Инженерлік білім берудегі аккредиттеудің еуропалық желісі (ENAEЕ), Инженерлік білім берудің еуропалық қоғамы (SEFI), Инженерлік білім берудің американдық қоғамы (ASEE), Инженерлік білім беру қоғамының халықаралық федерациясы (IFEES) Қазақстан университеттеріне инженерлік және жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру бағдарламаларын EUR-ACE таңбасын берумен қатар, мамандандырылған аккредитациялауға көмектеседі [12]. Бұл аккредиттелген инженерлік бағдарламалардың жалпыеуропалық реестрінде ел университеттерінің орналасуын қамтамасыз етеді. Түлектер EUR ING кәсіби атағын алады. Университеттер сондай-ақ Қазақстанның 300-ден астам компанияларымен келісім-шарт жасасты, бұл Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының (ГПИИР-2) жобалары бойынша мамандарды жұмысқа орналастырудың сенімді перспективасын айқындайды [12]. Студенттердің жалпы санынан 1/3 бөлігі мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жоғары білім алады. Жыл сайын салалық мемлекеттік органдар тарапынан қызметкерлерге қажеттілікті мемлекеттік тапсырыс анықтайды. 2015-2016 жылдары бұл көрсеткіш 40032 грантқа жетті [13], 2017 жылы 54 мың грант болса, 2018 жылы Президенттің бес әлеуметтік бастамасының үшінші «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» бастамасына сәйкес тағы да 20 мың грант бөлінеді [18].

Қазақстандық жоғары оқу орындары білім берудің әртүрлі түрлерін ұсынады. Дәстүрлі түрде күндізгі бөлімнің контингенті басым. 2010 жылдан бастап сырттай оқу құқығы колледждер мен университеттердің түлектері үшін ғана беріледі [14]. Сонымен қатар, күндізгі және сырттай оқу түрлерінің қатынасы 4: 1 болып белгіленді [15]. Бұл шектеулер соңғы 5 жылда сырттай оқитын студенттер контингентінің 3 есе азаюына алып келді. Қазақстанның жоғары оқу орындары сырттай оқу формаларын қайта қарастыруда. Қашықтықтан оқыту технологиялары белсенді қолданыла бастады. Соңғы 5 жылда «кешке оқитындар» контингенті 3 еседен астамға өсті. Бұл жастардың жаңа кәсіби дағдыларды игеруіне байланысты. Кешке білім алатын студенттердің 40% -ы 24-34 жастар аралығында [3].

Контингенттің сапалы талдауы «Білім беру», «Техникалық ғылымдар және технологиялар» және «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» салаларында студенттердің көбірек таралуын көрсетеді. «Экономистердің» еңбек нарығында қобеюі халықтың тиісті білім алуға деген сұранысының біртіндеп төмендеуіне алып келеді. Экономикалық мамандықтар бойынша оқыту 2011 жылмен салыстырғанда 2,2 есе азайып, олардың жалпы санының 15,2% -ын құрады [3].

Жыл сайын қазақ тілінде оқытылатын жоғарғы білім алатын студенттер саны артып келеді. Егер 2011 жылы қазақ және орыс топтары арасындағы айырмашылық 10% болса, 2015 жылы – 28,4% болды. Шет тілдерінде оқитын студенттер көрсеткішінің тұрақты өсуі байқалады. 2015 жылы 13 932 студент ағылшын тілінде білім алды, ал 2011 жылы олардың саны 8703 болған [3].

Шетел азаматтарына қазақстандық жоғары оқу орындарының тартымдылығы мәселесі өзекті болып қала береді. 2017 жылы Қазақстандағы жоғары оқу орындарында оқитын шетелдік студенттердің үлесі 2,6% немесе 13 850 адам болды [4].

«Болашақ» бағдарламасының түлектері мемлекеттік құрылымдарда, ұлттық және жеке құрылымдарда, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істейді. Білім және ғылым министрлігінің хабарлауынша, бағдарламаның түлектері жоғарғы басшылық деңгейде маңызды стратегиялық шешімдер қабылдау деңгейінде қызмет етуде. Бағдарламаның түлектерінің ішінде төртеуі вице-министр, бесеуі қаланың әкімдері, үшеуі қалалар мен аудандардың орынбасарлары, 81-і мемлекеттік ұйымдардың басшылары, 106-ы ұлттық компаниялардың және банктердің бірінші басшылары мен мүшелері. 2015 жылғы «Болашақ» түлектерінің көпшілігі мемлекеттік органдарда (54,5%) және жеке секторларда (29,3%) жұмыс істейді [16].

2015 жылы Назарбаев Университетінде магистр дәрежесін 142 адам алды. Назарбаев Университетінің мәліметтері бойынша, олардың 2/3-і Массачусетс технологиялық институтында, Стэнфорд университетінде, Лондон университетінің колледжінде, Дьюк университетінде, Сингапур Ұлттық университетінде, Берклидегі Калифорния университетінде, Колумбия университетінде, Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебінде оқуларын жалғастырды. Сонымен қатар, бітірушілердің 42% шетелдік ЖОО гранттарына қабылданады [3].

Болон келісімі бойынша пікірталастар бүгінгі күні де жалғасуда, еуропалық мемлекеттердің жоғары білім беруді біріктіру үдерісін жақтаушылары да, қарсыластары да бар. Әлемдік білім беру жүйесінің көптүрлілігін сақтау және ұстау әлемнің бір өңірінде бәсекеге қабілетті жоғары білім беру жүйесін құруға бағытталған еуропалық интеграция процесінің нақты салдары болуы мүмкін.

Жоғары білімнің еуропалық моделі білім беру қызметтері үшін халықаралық нарықта ірі монополистердің пайда болуына жол бермейтін және осы саладағы трансұлттық корпорациялардың гегемониялық көріністерінің пайда болуына кедергі жасайтын орталықтардың бірі болып табылады. Еуразия аймағының ауқымында осындай басқа орталықтың құрылуы логикалық болуы мүмкін. Мысалы, бірыңғай тілдік кеңістікте біріктірілген, сондай-ақ жақын мәдени, діни және ұқсас қатынастар болған, ТМД жоғары оқу орындарының интеграциялық өзара іс-қимылы [17].

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында жоғары білім берудің жағдайы туралы, жоғары білім беруді дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар: Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасы, индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы және басқалары туралы статистикалық деректер келтірілген. Назарбаев Университетінің түлектерінің алғашқы буыны туралы көрсеткіштер анықталды. Жоғары білім беруді дамыту саласындағы көшбасшылармен салыстырғанда, әлемдік жағдайдағы Қазақстанның ұстанымы зерттелді. Мұның бәрі жоғары білімнің халықаралық-құқықтық реттеуінің Қазақстандағы білім беру үрдістері мен бағдарламаларын дамытуға әсері.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Болон декларациясы. Еуропалық жоғарғы білім аймағы. Еуропалық білім министрлерінің бірлескен мәлімдемесі. - Болонья, 1999. / URL: http://online.zakon.kz/Document/?Doc_id=30136090#pos=U0;0
2. Адам құқықтары және негізгі бостандықтары туралы ТМД конвенциясы (26.05.1995). - Минск, 1995. / URL: http://online.zakon.kz/Document/?Doc_id=30220211

3. Қазақстан республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы ұлттық баяндама (2015 жылдың қорытындылары бойынша). Астана, 2015. / URL: <http://iac.kz/kk/analytics/kazakhstan-respublikasy-bilim-beru-zhuyesinin-zhay-kuyi-zhne-damuy-turaly-ulttyk-bayandama>
4. Global Flow of Tertiary-Level Students. UNESCO, Institute for statistics. / URL: <http://uis.unesco.org/en/uis-student-flow>
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы.
6. World Library Pandidakterion / URL: <http://www.worldlibrary.org/articles/pandidakterion>
7. IV Евразийский Форум Лидеров высшего образования. - Астана, 2015. / URL: <http://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/iv-evraziiskii-forum-liderov-visshego-obrazovaniya-prohodit-v-astane/>
8. Times higher education / URL: <https://www.timeshighereducation.com/features/what-will-universities-look-like-in-2030-future-perfect>
9. OECD Conference. Higher Education Futures. Singapore, 14-15 October 2015.
10. 5 major trends in higher education's use of social media / URL: <http://www.ecampusnews.com/top-news/trends-social-media-620/>
11. Бала құқықтарын қорғау бойынша Комитеттің ресми парақшасы / URL: www.bala-kkk.kz
12. Государственная программа индустриально-инновационного развития (ГПИИР-2). / URL: <https://primeminister.kz/ru/page/view/gpiir>
13. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2016 – 2017 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 маусымдағы № 354 қаулысы. / URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000354>
14. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 8 февраля 2010 года № 40 Об утверждении Перечня профессий и специальностей, получение которых в заочной, вечерней формах и в форме экстерната не допускается и Правил выдачи разрешения на обучение в форме экстерната в организациях образования, реализующих образовательные программы высшего образования (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.01.2016 г.) / URL: http://online.zakon.kz/document/?Doc_id=30612615#pos=1;-85
15. Типовые правила деятельности организаций образования, реализующих образовательные программы высшего и послевузовского образования (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.04.2017 г.) / URL: http://online.zakon.kz/Document/?Doc_id=31397997#pos=1;-113
16. Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясы. Ресми вебсайт. / URL: <http://bolashak.gov.kz>
17. Дюсембинова Р. К., Маударбекова Б.К. Интернационализация и глобализация высшего образования и их влияние на национальные системы образования // Вестник АПН Казахстана, №3, 2015. - С.23.
18. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі (5 наурыз 2018 жыл) / URL: http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/kazakhstan-prezidenti-nursultan-nazarbaevtyн-prezidenttin-bes-aleumettik-bastamasy-atty-halykka-undeui